

Журналистика және саясаттану факультеті

БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссияның төрағасы,
ректор



Е.Б. Сыдықов

« _____ » _____ 2019 ж.

**«БВ032 - Журналистика және ақпарат» даярлау бағытының
«В042-Журналистика және репортерлік іс»
білім беру бағдарламаларының тобы бойынша
«Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әнгімелесу»
шығармашылық қабылдау емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан, 2019 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ереже.....	4
2. Шығармашылық емтихан өткізудің тәртібі.....	4
3. Бағалау талаптары.....	6
4. Емтихандық тапсырманың тақырыптары.....	7

1. Жалпы ереже

Бұл бағдарлама «Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 600 бұйрығы негізінде жасалды.

Шығармашылық емтихан өткізу талапкердің «B042-Журналистика және репортерлік іс» білім беру бағдарламаларының тобына кіретін білім беру бағдарламасын игеруге деген қабілеті мен бейімділігін анықтауға бағытталған.

Шығармашылық емтиханның мақсаты:

«Журналистика және репортерлік іс» білім беру бағдарламалары бойынша білім алу үшін қажетті әлеуметтік жетілу, кәсіби бағдар беру деңгейі, мәдениеті, эрудициясы, жеке сапасы туралы куәландыратын өтініш беруші туралы ақпарат алу.

Шығармашылық емтихан міндеттері:

- коммуникациялық салада ауызша білімді, дағдыларды және қабілеттерді анықтау;
- білім беру бағдарламасы тобына түсудің және университетте білім алуды аяқтаған соң мамандық бойынша жұмыс істеуге деген ұмтылысын анықтау;
- талапкердің өз ой-пікірін білу қабілетін тексеру, оның тұжырымдарын дәлелдеу, сондай-ақ ауызша біліктілігін;
- талапкердің шығармашылық әлеуетін бағалау.

2. Шығармашылық емтихан өткізудің тәртібі

Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыруға өтініш қабылдау 20 маусымнан 7 шілдеге дейін жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан 8 шілде -13 шілде аралығында өткізіледі.

«B042-Журналистика және репортерлік іс» білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық емтихандар өткізу үшін комиссия құрылады және оны Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры бекітеді.

Пәндік-емтихандық комиссия құрамы төрағасын қоса есептегенде тақ саннан тұрады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтихан қабылдауға қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Шығармашылық емтихан комиссиясының құрамына осы сала бойынша білікті кәсіби мамандар мен оқытушылар кіреді.

- БАҚ редакциялары немесе Қазақстан Журналистер одағының жергілікті жердегі ұйымы берген мінездеме-ұсынымы;